

\*\*\*

Article is devoted the analysis of concept of legal regimes in information relations. Features of the information with the limited access, legal bases of a mode of the state secret, a trade secret, professional secret are considered, etc.

*М.М. Иманбекова*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІ БӨЛУ ҚАҒИДАСЫНА СӘЙКЕС ҚҰЗЫРЕТІ**

Атқарушы биліктің міндетті қызметін жіктеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің заңдық өрісін аша түседі, мемлекеттік биліктің тармақтарға бөліну жүйесіндегі оның орнын көрсетеді және Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік биліктің жеке тармағы ретінде қызметінің сипатын бағалайды. Үкімет барлық атқарушы органдарды басқарушы және олардың қызметіне басшылық жасаушы атқарушы биліктің ең жоғары органы ретінде елге мемлекеттік басқару жүргізіп, мемлекеттің атқарушы билігінің кейпін танытады.

Елдің Ата заңы мемлекеттік билік жүйесіндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің орнын анықтап, биліктің басқа тармақтарымен арақатынасының нормативтік негіздерін белгілейді. Қазақстан Республикасының Конституциясы Үкіметтің Парламентпен, Президентпен өзара іс-қимылын анықтайды және тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесінің механизмін нақтылайды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі сот билігімен де өзіндік құқықтық байланыста болады. Олай болса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті мемлекеттік билікті бөлудің конституциялық ұстынына сәйкес анықталады деген сөз.

Мемлекеттік билікті жекелеген тармақтарға бөлу туралы негізгі пікірлер бұдан көп ғасыр бұрын пайда болған еді. Мемлекеттік биліктің бөлінуі туралы шешім әрмен қарай алғаш дамытқандардың бірі Аристотель болды. Оның пікірінше, кез келген мемлекеттің үш бөлігі туралы сөз қозғалуы тиіс еді. Кейін осы ой билікті бөлудің теориялық және практикалық негізіне айналды [1].

Осы тақырыпты ағылшын бағытында дамытушылардың қатарында Дж. Локты, Ж.Ж. Руссоны атауға болар еді. Бұл ойшылдардың еңбектерінде негізінен басынушылыққа жол бермеу үшін мемлекеттік билікті мүмкіндігінше шектеу туралы идеяға көбірек назар аударылады. Әрі олар мемлекеттік билікті шектеудің ұтымды тәсіл ретінде әділ заңдарды және мемлекеттік биліктің дұрыс бөлінуін көрсетеді.

Осы тұрғыда атакты француз ойшылы Ш.Л. Монтескье мемлекеттің үш міндетті атқаратынын атап өтеді. Олар: заң шығару, оның орындалуын қамтамасыз ету және азаматтық, қылмыстық әділ сотты жүзеге асыру. «Қолында билігі бар кез келген адам оны теріс пайдалануға бейім болатындықтан, бұл үш міндетті әр түрлі органдар атқаруы қажет. Әрі «сол биліктердің бірін-бірі тежеп отыра алатындай мүмкіндіктерінің болуы шарт» [2].

Ш.Л. Монтескьенің пікірінше, билік тармақтарының қайсыбіріне бөлекше басымдық беруге болмайды, яғни олардың өзара қарым-қатынасы тең құқықтық және бірін-бірі тежеп отыратындай жағдайда болғаны дұрыс. Сөйтіп, Ш.Л. Монтескье мемлекеттік билікті бөлу тұғырнамасын іске асыру үшін міндетті түрде билік өкілеттіктері бөлінуі тиіс деген тұжырымға келеді.

Біздіңше, билікті бөлу принципі теориялық тұрғыдан һәм практикалық тұрғыдан алғанда да үш тармағы бірін-бірі қадағалап әрі толықтырып тұратын биліктің біртұтастығы жүйесін жоққа шығару деген сөз емес. Егер шын мәнінде мемлекеттік билік түбегейлі бөлінетін болса, онда мұндай жағдайда билік тармақтарының арасындағы өзара қарым-қатынас үзіліп, мемлекеттік биліктің біртұтас механизм ретінде өмір сүру процесі бұзылады.

1995 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының қабылдануы ең алдымен еліміздің бірлігі мен тиімділігін қамтамасыз ете алатындай мемлекеттік билікті бөлудің жаңа моделін іске асыру қажеттілігінен туындаған еді. Сондықтан Қазақстан Республикасының Конституциясында халқымыздың тәуелсіздігі бөлінбейтін болғандықтан мемлекеттік биліктің де біртұтас екендігі, бірақ ол өзінің міндеттерін әр түрлі мемлекеттік органдарға бөліп беру негізінде жұмыс істейтіндігінде ерекше атап көрсетіледі.

Біз мұндай қорытындыны Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабына сүйеніп жасап отырмыз. Онда былай жазылған: «Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінуі,

олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады».

Қазақстанда ең жоғары атқарушы орган — Қазақстан Республикасының Үкіметі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 66-бабына сәйкес, Үкімет мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады. Яғни, Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын — мемлекеттің стратегиялық даму бағытын анықтаса, Үкімет оны жүзеге асырудың нақты жолдарын және тиісті қаржы мәселесін шешеді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы конституциялық заңға сәйкес Үкіметтің өкілеттігіне мыналар жатады: ол республикалық бюджетті жоспарлап, оның орындалуын қамтамасыз етеді, әрі, бұл жөнінде Парламентке есеп береді. Бұрын Қазақстан Республикасы Үкіметі бюджеттің орындалуына байланысты монополиялық құқықты иемденгеніне қарамастан Есеп комитеті мүшелері санының тең жарымын тағайындайтын. Ал қазір «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу» туралы заңға сәйкес Үкіметтің Есеп комитеті мүшелерін тағайындау құқығы алып тасталды.

Қазақстан Республикасының Конституциясында заңмен реттелетін қоғамдық қатынастар ауқымы нақты белгіленген. Бұл ереже Үкіметке де жауапты міндеттер жүктейді. Дәлірек айтқанда, қабылданып жатқан жаңа заңдарға байланысты нормативтік құқықтық актілердің уақытылы қабылдануын қамтамасыз ету мәселесі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі заң шығарушы биліктің қызметін бақылауға қатысты өкілеттікке ие. Дегенмен де, бұл механизм негізінен Қазақстан Республикасының Президенті арқылы жүзеге асырылады. Үкімет ұсынған заң жобасы қабылданбай қалған жағдайда, Премьер-министр Парламенттің қос палатасының бірлескен отырысында Үкіметке сенім білдіру туралы мәселе көтеруге құқылы. Мұндай институт көптеген мемлекеттердің іс-тәжірибесінде қолданылады. Әрі бұл Үкімет өз пікірін Парламентке қарсы қоюдың ең күшті құралы болып табылады.

1995 жылы қабылданған Конституциямызда көрініс тапқан билік тармақтарының өзара әрекеттестік механизмі елдегі реформаларды жүйелі түрде жүргізуге мүмкіндік жасайды. Дегенмен де, Қазақстан Республикасы Конституциясын ешбір күшсіз деп айтуға келмес. Мәселен, онда мемлекеттік биліктің бөліну принципін жүзеге асырудың тек бастапқы ерекшеліктері ғана көрсетілген. Демек, алдағы уақытта тежемелік және тепе-теңдік механизмдері әрмен қарай дамытылып, билік тармақтарының өзара қатынасының ең үйлесімді жолына қол жеткізу қажет.

Осы орайда Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің жауапкершілігін арттырып, оларды бір командаға жұмылдыру, өздері жүргізіп отырған саясат үшін жоғары атқарушы органның әрбір мүшесінің жауапкершілігін көтеру үшін Қазақстан Республикасының Конституциясының 68-бабы өзгертілді. Ол қазір былай оқылады: «Үкімет мүшелері өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербестікке ие әрі өздеріне бағынышты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің алдында жеке-дара жауап береді. Үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспейтін немесе оны жүргізбейтін Үкімет мүшесі орнынан түсуге өтініш береді не ол лауазымнан босатылуға тиіс» [3].

Біздің ойымызша, мемлекеттік биліктің былайша дербес саналатын үш тармаққа (заң шығарушы, атқарушы, сот) бөлінуі мемлекеттік органдардың ерекшеліктерін жай ғана бөле салудан гөрі маңыздырақ нәрсені аңғартса керек. Нақтырақ айтқанда, мемлекеттік билікті бөлу ұстыны билік тармақтарының құзыретіне шек кою, тежемелік және тепе-теңдік жүйесін тиімді пайдалану нәтижесінде өзара бақылау орнату арқылы көрінеді.

Яғни, мемлекеттік биліктің әрбір тармағы өз саласында ең жоғары және дербес болуы тиіс. Бұдан өзгеше болуы мүмкін емес. Өйткені, басқа жағдайда мемлекеттің тәуелсіздігіне күдік төнуі мүмкін немесе қайсыбір бақылаусыз қалған билік тармағының кесапатына әкеліп соқтырары анық.

Мемлекет алдында тұрған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді шешу үшін атқарушы биліктің қызметіне байланысты теориялық және практикалық проблемаларды шешудің маңыздылығы күннен-күнге артып келеді. Жалпы, атқарушы билік органдары үшін тек өздеріне ғана тән ерекшеліктер бар. Олар – атқарушылық және басқарушылық сипаттағы қызметі. Бұлар Конституцияға, заңдарға, Президенттің нормативтік актілеріне негізделген [4].

Атқарушы билік органдары арқылы және жекебас органдардың, жалпы не арнайы құзыреті бар орталық және жергілікті органдардың басын қосатын иерархиялық, көп салалы, полифункционалды өте күрделі жүйе. Сондықтан олардың ерекшеліктерін белгілейтін нақты

құқықтық база мен шешім үйлестіру шаралары қажет. Осы біртұтас жүйенің шегінде орталық атқарушы органдардың құзыретінен тысқары жатқан жергілікті атқарушы органдардың дербестігіне – атқарушы биліктің жергілікті органдарын құру, олардың міндеттерін анықтау, әкімшілік-аумақтық орналасуы бойынша тиісті әкімге бағыну мәселелеріне байланысты қатаң шаралар сұранып-ақ тұр.

Биліктің бөлінуі жөнінде әңгіме қозғалған соң, оны енді Қазақстанның ғылыми әлемі қалай түсінетіндігін де тоқталып өтейік. Қазақстанның М. Баймаханов, С. Зиманов, В. Ким, З. Кенжалиев, С. Сартаев, Ф. Сапарғалиев, А. Черняков сияқты маңдай алды ғалымдары биліктің бөліну принципін зерттеп, оның өмірде қолданылуын жан-жақты қарастырып келеді. Алайда, қолданыстағы заңдардың өзгертілуіне, Конституцияға, Қазақстан Республикасының Үкіметінің қатысы бар заңдарға толықтырулардың енгізілуіне байланысты атқарушы биліктің, соның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретін қайта саралау қажет [5].

Л. Калинина атқарушы биліктің ұйымдастырушылық-құқықтық проблемаларын зерттей келіп, Үкіметті жалпы құзыреті бар орган және өз құзыреті шегінде заңдардың орындалуын жүзеге асырушы, Ресей Федерациясының заңдары мен басқа да актілерінің атқарушы биліктің өзге органдары, Ресей Федерациясы құрамындағы республикалардың, автономиялық облыстардың, автономиялық округтардың, өлкелердің, облыстардың, Мәскеу және Санкт-Петербург қалаларының атқарушы билік органдары тарапынан орындалуын үйлестіруші және бақылаушы атқарушы биліктің жоғары органы ретінде қарастырады [6].

Сонымен, Қазақстан Республикасының Үкіметі дегеніміз салалық және салааралық мемлекеттік басқару органдарының жетекшілері мен басқа да лауазымды тұлғалардан тұратын, орталық және жергілікті атқарушы органдар жүйесін басқарып, олардың қызметіне басшылық ететін, Президент алдында жауапты, Парламентке есеп беретін, Қазақстан Республикасының Конституциясының, заңдарының, Президент жарлықтарының орындалуын қамтамасыз ету өкілеттігін және заңдарға байланысты бүкіл республика аумағына жалпы міндеттілік мәні бар нормативтік актілер қабылдау құқығын иемденген, жалпы құзыреті бар атқарушы биліктің алқалы органы.

Үкіметтің мәні мен тағайындалуы жөнінде пікірлердің әртүрлілігі экономикалық, саяси, әлеуметтік, т.б. көптеген объективтік факторларға байланысты болады. Қазір еліміздегі қоғамдық өмірдің демократияландырылуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәнін, оның міндеттері мен ерекшеліктерін анықтау мәселесін жаңа көзқараспен қайта қарауды көлденең тартып отыр.

Біздің ойымызша, қазақстандық қоғамның демократиялық және құқықтық даму процесінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық және әлеуметтік міндеттері, сондай-ақ оның ұйымдастырушылық рөлі тек артып, ал мәжбүрлеу сипатындағы элементтері едәуір кеми түспек. Яғни, Үкімет те мемлекет сияқты адамзат дамуының жемісі болғандықтан, адамзат қоғамы дамуының белгілі бір сатысында пайда болып, әртүрлі заңдылықтардың нәтижесінде дамып, ұдайы жетілдіріледі. Демек, өзінің міндеттерін жүзеге асыруға байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметі қазақстандық қоғамның даму нәтижесі деп түсінгеніміз жөн.

1 Сартаев С.С., Назаркулова Л.Т. Становление Конституции Республики Казахстан: проблемы и перспективы. — Алматы, 2002.

2 Монтескье Ш. Избранные произведения. — М., 1955.

3 Тлеубаев Қ.Ө. Қазақстан Республикасы Үкіметінің билікті бөлу принципімен сәйкес конституциялық-құқықтық уәкілеттілігі: Дис. ...з.ғ.к. - Алматы-2006 ж.

4 Сартаев С.С., Назаркулова, Л.Т. Становление Конституции Республики Казахстан: проблемы и перспективы. — Алматы, 2002.

5 Джапаркулов Н.Б. Компетенция Правительства Казахстана: проблемы теории и практики // Вестник КазНУ. Серия юридическая.

6 Калинина Л.А. Исполнительная власть в ее организационно-правовых формах. – М., 1994.

\*\*\*

The article describes the Kazakhstan Republic's state power rules and problems of ruling.

\*\*\*

В данной статье автор, рассматривает проблемы государственной власти и предлагает пути решения.